



КДП БОЙЫНША 1 (ҚОСАЛҚЫ)ӨҢІРЛІК КОНСУЛЬТАЦИЯ

Орталық Азиядағы ЕЖЕ және
транс* адамдар арасында

МӘЛІМДЕМЕ






АЛМАТЫ, 22 ҚАРАША 2023 Ж.



2023 жылдың 21-22 қарашасында Алматыда Ұлттық денсаулық сақтау органдарының, қоғамдастық базасындағы ұйымдардың, халықаралық ұйымдар мен донорлық агенттіктердің атынан өкілдік ететін 100-ден астам делегаттың қатысуымен Орталық Азиядағы ЕЖЕ және транс* адамдар арасында КДП бойынша бірінші (қосалқы)өңірлік консультация сәтті өтті.

Консультацияның ұйымдастыру комитетінің құрамына ЕКОМ — Денсаулық, құқықтар, гендерлік және жыныстық әртүрлілік жөніндегі Еуразиялық коалицияның (Таллин, Эстония); ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросы (Копенгаген, Дания); Қоғамдық денсаулық сақтау альянсы (Киев, Украина); Адам денсаулығы институты (Астана, Қазақстан); Қырғыз Индиго (Бішкек, Қырғызстан) кірді.

КОНСУЛЬТАЦИЯ КЕЛЕСІ МАҚСАТТА ШАҚЫРЫЛДЫ:








-  Орталық Азияда КДП енгізудің ағымдағы мәртебесін сипаттау.
-  Орталық Азиядағы қоғамдастықтар негізінде қызмет көрсету модельдерінің маңыздылығын көрсету.
-  Орталық Азиядағы қоғамдастықтар базасында ұйымдардың басшылығымен КДП енгізудің озық тәжірибелерін көрсету және күрделілігін түсіндіру.
-  КДП-ға қол жеткізудегі кедергілерді еңсеру және оның ауқымын кеңейту үшін елдердің қажеттіліктері мен әлеуетті шешімдерін анықтау.
-  Барлық қатысушыларды күш-жігерді біріктіруге шақыру, сондай-ақ олардың арасында ақпарат алмасуға ықпал ету.





Консультация барысында ұлттық, өңірлік және халықаралық сарапшылардың қолдауымен Орталық Азияда КДП тиімді енгізу және ауқымын кеңейту үшін шешуші маңызы бар әртүрлі тақырыптар талқыланды. Оларға КДП ұсыну модельдеріндегі инновациялар, КДП қызметтері мен басқа да медициналық қызметтер арасындағы интеграция, сұранысты тудыруға арналған коммуникациялық стратегиялар, қоғамдастықтардың басшылығымен мониторинг, транс* және гендерлік әр түрлі қоғамдастықты тиімді қатыстыру және КДП қызметтері шеңберінде химсекске байланысты мәселелерді шешу жатады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ,

- ✔ Орталық Азиядағы ЕЖЕ және транс* адамдар арасында КДП бойынша 1 (қосалқы)өңірлік консультация талқылаулары мен материалдары негізінде;
- ✔ АИТВ және ЖИТС Орталық Азияда, әсіресе халықтың негізгі топтары арасында қоғамдық денсаулық сақтау үшін үлкен ауыртпалық болып қала береді деп алаңдай отырып;
- ✔ Стигма мен кемсітушілік өңірде АИТВ және жыныстық денсаулық бойынша қызметтерге қол жеткізуде әлі де маңызды мәселе екендігіне алаңдай отырып;
- ✔ Адамның барлық құқықтарын, соның ішінде жыныстық және репродуктивті денсаулық құқықтарын ілгерілетудің, қорғаудың және жүзеге асырудың маңыздылығын мойындай отырып;
- ✔ АИТВ/ЖИТС-ке, вирустық гепатитке және жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға (ЖЖБИ) кешенді ден қою қажеттілігін мойындай отырып, ұлттық деңгейде анықталған, адамға бағытталған, сараланған, орталықтандырылмаған және барабар қаржыландырылатын қызметтерді тұрақты ұсынуға назар аудара отырып;
- ✔ Қызмет көрсету адам құқықтары қорғалатындай етіп, сонымен қатар денсаулық сақтау жүйелерінің, азаматтық қоғамның, халықтың негізгі топтары мен қоғамдық денсаулық сақтау мекемелерінің бірлескен іс-қимылдары арқылы, сондай-ақ медициналық қызмет көрсетуге жалпыға бірдей қол жеткізу арқылы жүзеге асырылуы тиіс екенін мойындай отырып;
- ✔ 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібіне, атап айтқанда 2030 жылға қарай ЖИТС індетін тоқтатуды көздейтін орнықты дамудың мақсаттарының 3.3 міндетіне сілтеме жасай отырып;
- ✔ Біріккен Ұлттар Ұйымының АИТВ және ЖИТС жөніндегі Бас Ассамблеясының 2021 жылы қабылданған Саяси декларациясына сілтеме жасай отырып: теңсіздікті тоқтату және 2030 жылға қарай ЖИТС-ті жою жолына түсу;
- ✔ 2021 жылы қабылданған ЮНЭЙДСТІҢ 2021-2026 жылдарға арналған ЖИТС жөніндегі жаңа Жаһандық стратегиясына сілтеме жасай отырып;
- ✔ АИТВ, вирустық гепатит және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар бойынша денсаулық сақтау секторының 2022-2030 жылдарға арналған Жаһандық стратегиялары қарастырылған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының 2022 жылы қабылданған WNA75.20 қарарына сілтеме жасай отырып;
- ✔ 2022-2030 жылдарға арналған ЖИТС және вирустық гепатит пен жыныстық жолмен берілетін инфекциялар індетін жою жөніндегі іс-қимылдардың Өңірлік жоспарларын, оның ішінде оларда баяндалған перспективалық көріністерді, мақсаттарды, стратегиялық бағыттарды, мақсатты бағдарларды және басым іс-қимылдарды бекітетін ДДҰ Еуропалық өңірлік комитетінің 2022 жылы қабылданған EUR/RC72/R4 қарарына сілтеме жасай отырып;
- ✔ ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросының қолдауымен Орталық Азия елдері бірлесіп әзірлеген 2022 жылы қабылданған Орталық Азиядағы денсаулық пен әл-ауқатты қолдаудың Жол картасына (2022-2025 жж.), атап айтқанда, оның туберкулез, АИТВ/ ЖИТС, вирустық гепатит және ЖЖБИ ауыртпалығын төмендету жөніндегі 5.1 бастамасына сілтеме жасай отырып;
- ✔ АИТВ/ЖИТС-пен күрес жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарларын іске асыру арқылы және 2030 жылға қарай қоғамдық денсаулыққа қауіп ретінде ЖИТС-ті жою үшін қойылған мақсаттарға жету жолында Орталық Азия аймағында қол жеткізілген прогресті жоғары бағалай отырып;

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНДЕГІ ЕЛДЕРГЕ ҰСЫНАДЫ

-  саяси басшылық пен міндеттемені күшейту, барабар ресурстарды инвестициялау және АИТВ-ның жаңа жағдайларының алдын алу үшін ғылыми негізделген шара ретінде КДП ауқымын кеңейту;
-  ЖИТС пен вирустық гепатит індетін және жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды жою үшін ДДҰ-ның 2022-2030 жылдарға арналған өңірлік іс-қимыл жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ұлттық стратегияларды, іс-қимыл жоспарлары мен КДП бойынша мақсаттарды келтіру (Еуропалық өңірде 2025 жылы КДП алатын 500 000 адам және 2030 жылы 1 100 000 адам);
-  2026 жылдың соңына қарай халықтың негізгі топтары өкілдерінің кемінде 20%-ы КДП-ға қол жеткізуін қамтамасыз ететін КДП бойынша өршіл ұлттық мақсаттарды қабылдау; КДП бағдарламалары шеңберінде КДП алатын және медициналық қызметтерді алуды жалғастыратын адамдар санын көбейтуге бағытталған кешенді стратегияларды әзірлеу;
-  Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде КДП бағдарламаларын ұлттық деңгейде тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету;
-  қызмет көрсетудің оңайлатылған және сараланған үлгілерін қамтамасыз ету үшін ДДҰ-ның КДП енгізу жөніндегі ағымдағы ұсынымдарына сәйкес ұлттық және жергілікті басшылықтар мен КДП беру хаттамаларын келтіру;
-  КДП бағдарламаларын жоспарлауға, іске асыруға және мониторингке қоғамдастық негізіндегі ұйымдарды тартуды қамтамасыз ету және қолдау, қоғамдастық негізіндегі жыныстық денсаулық саласындағы қызметтер мен денсаулық сақтау жүйелері арасындағы байланысты нығайту;
-  КДП-ға және жыныстық денсаулық саласындағы басқа да қызметтерге, әсіресе халықтың негізгі топтары үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қолайлы құқықтық орта құру, сондай-ақ стигма мен кемсітушіліксіз қоғамдық және институционалдық орта құру, соның ішінде денсаулық сақтау жүйесінде;
-  КДП сараланған бағдарламалары үшін қоғамдастық негізіндегі ұйымдарға барабар оқытуды, бақылауды және қолдауды қамтамасыз ету;
-  КДП туралы білімді кеңейту және инклюзивті, кемсітілмейтін және қолдаушы ортада қызмет көрсету дағдыларын арттыру үшін медициналық персоналды оқытудың мақсатты стратегияларын жоспарлау;
-  халықтың негізгі топтары арасында, оның ішінде мақсатты коммуникациялық стратегиялар арқылы КДП-ға сұранысты тудыруға және арттыруға ықпал ету;
-  халықтың негізгі топтары өкілдерінің, қоғамдастық негізіндегі ұйымдардың, денсаулық сақтау жүйелері мен медициналық мекемелердің арасындағы серіктестікке негізделген тәсіл арқылы адам құқықтарының сақталуына ықпал ететін КДП қызметтерін адамға бағдарланған, орталықтандырылмаған және сараланған түрде ұсыну арқылы әртүрлі негізгі топтар мүшелерінің ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету;
-  халықтың негізгі топтарының өкілдерімен және қоғамдастықтар базасындағы ұйымдармен серіктестікте КДП бойынша ұлттық мақсаттарды орындау бойынша прогрестің тұрақты мониторингін жолға қою;

-  ҚДП қызметтері мен басқа да жыныстық және репродуктивті денсаулық қызметтері, соның ішінде ЖЖБИ тестілеу, емдеу және вакциналау - зиянды азайту және психикалық белсенді заттарды қолдану қызметтері, психикалық денсаулық қызметтері, трансгендерлік және гендерлік әртүрлі адамдар үшін гендерлікті растайтын медициналық қызметтер арасындағы бағдарламалық біріктіру мен байланысты нығайту;
-  ҚДП бағдарламалары шеңберінде ақпараттық жүйелерді нығайту, шаралар қабылдау және ҚДП-ға қол жеткізу мен оны пайдаланудағы кедергілерді жою үшін жоғары сапалы деректерді генерациялау және пайдалану мақсатында зерттеулерді енгізуге жәрдемдесу;
-  жасанды интеллект, телемедицина, АИТВ-ға өзін-өзі тестілеу және экспресс-диагностикалық сынақтарды қоса алғанда, ҚДП қызметтерін көрсетуде денсаулық сақтаудың цифрлық технологияларын және басқа да инновациялық шешімдерді пайдалануды кеңейту;
-  жергілікті ерекшеліктерді ескеретін білімдер мен нақты деректерге негізделген тәсілдерді қолдана отырып, енгізу процесінде кедергілерді еңсеруге ерекше назар аудара отырып, «теңге тең» принципі бойынша елдермен тәжірибе алмасуға жәрдемдесу мақсатында қосалқы өңірлік ынтымақтастықты нығайту.

